


# Саяси реализм





- **Идеялық қайнар көздері:** Классикалық ағымның идеялары (Н. Макиавелли, Т. Гоббс, Э. де Ваттель, К. фон Клаузевиц, Б. Спиноза, Д. Юм идеялары.
- **Негізін салушылары және өкілдері:** Э. Карр, Г. Моргентау, Р. Нибур, Дж. Шварценбергер, Р. Арон, А. Уолферс, К. Томпсон, Г. Киссинджер..



- Негізгі категориялары:

- Ұлттық мүдде

- Күш,

- Басымдылық

- Күш тепе-теңдігі,

- билік

# Идеялары мен тұжырымдары:

● 1) Саяси идеализм идеялары түбірімен қате, өйткені олар нақты өмірден алшақ жатқан идеалдарға жүгінеді. Идеализмге табынушылық әлемге 2 - дүниежүзілік соғыс қасіретін тарттырды.

2) Халықаралық қатынастар- мемлекеттердің қарсы тұру, күш сынасу сахнасы.

● 3) Мемлекеттердің халықаралық қатынастар сахнасындағы әрекеттерінің негізінде құдіреттілікке ұмтылу жатыр. Құдіреттіліктің мағынасы өте кең, ол мемлекеттің экономикалық әскери күші, оның қауіпсіздігі мен гүлденуінің кепілі, өзінің идеологиялық, рухани, мәдени құндылықтарын өзгелерге тарату мүмкіндігі.

● 4) Мемлекеттер өзінің құдіреттілігін арттыру үшін екі түрлі тәсіл қолданады: дипломатия және әскери стратегия. Өз билігін орнатуда бейбіт тәсіл дипломатияның күші жетпесе, мемлекеттер әскери тәсілге, яғни әскери стратегияға көшеді.

● 5) Мемлекеттің күдіреттілікке деген қажеттілігі мен ұмтылысы ұлттық мүдде ұғымынан көрініс табады.

● 6) Мемлекеттердің өзінің ұлттық мүддесін барынша қанағаттандыру жолында әрекет етуінің нәтижесінде, халықаралық сахнада белгілі бір күш тепе-теңдігінің орнайды. Бұндай тепе-теңдік халықаралық тұрақтылық пен бейбітшілікті қамтамасыз етіп сақтаудың бірден-бір мүмкін жолы.

- **Саяси реализм** - қоғамдағы объективті жағдайға сай саяси курсты қалыптастыру және оны жүзеге асыру. Жағдайды объективті тұрғыдан саралап, күштердің арасалмағын есепке алып қарастыру арқылы саясатта қимыл жасау. Тек осы жағдай ғана мақсатқа жетуге мүмкіндік жасайды



# Неореализм



Негізін салушы: Кеннет Уолтц.

Жалғастырушылар: С.Уолт, Б.Гилпин, Дж. Мэршмайер, С. Ван Эвера және т.б

Идеялық қайнар көздері: саяси реализм, либерализм, саяси жүйе, халықаралық жүйе теориялары.

# «Халықаралық саясат теориясы» (1979 ж.)



The implication of game theory, which is also the implication of the third image, is, however, that the freedom of choice of any one state is limited by the actions of the others.

(Kenneth Waltz)

izquotes.com

- 1. Саяси реализмнің халықаралық қатынастардың табиғаты, мәні, сипаты, қатысушылары туралы ең негізгі постулаттарымен келіседі.
- 2. Неореализм саяси реализмді қайта қарап, оны 1970 жылдың соңындағы халықаралық жағдайға (бәсеңдеу кезеңі) бейімдейді. Неореализмнің пайымдаушыларының ойы бойынша халықаралық аренадағы шиеленістер мен күштеу саясатының негізгі себебі мемлекеттердің «мінез-кұлқында», олардың өзін-өзі сақтап қалу мен басым болуға ұмтылуында емес, халықаралық жүйенің оларға тигізетін әсерінде жатыр. Яғни, кез-келген мемлекеттің сыртқы саясаты, іс-қимылы, жалпы әлеуметтік- саяси, экономикалық болмысы мен тағдыры, оны қоршаған жүйенің «қояр талаптарымен», «шектеуімен» анықталады.

Ағымдары: неореализм шеңберінде қалыптасып, дамыған ағымдардың бірі- «стратегиялық зерттеулер». Оның негізгі мақсаты мемлекеттердің ұлттық мүддесі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, бола қалар соғысты жеңіп шығуы үшін жағдай жасайтындай нақты тәжірибелік мәні бар мәселелерді шешу.

# Неореализм негіздері қағидалары

ХҚ бір жүйе  
ретінде  
қарастырылады.

Экономикалық  
қатынастар саяси  
қатынастардан  
ажыратылады.

Негізгі іс-әрекет  
субъектілер –  
мемлекеттер мен  
одақтар. Негізгі  
мақсаты – ұлттық  
мүдделерді қорғау.